

Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілерін тіркеу және тілшілер пункттерін ашу туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 903 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 128 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 128 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында шетелмемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілерін тіркеу және тілшілер пункттерін ашу туралы ереже бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 29 мамырдағы
N 903 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында
шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат
құралдарының тілшілерін тіркеу және
тілшілер пункттерін ашу туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ақпарат тарату саласындағы халықаралық ынтымақтастық жүйесіне сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық өмірі туралы дүниежүзілік қауымдастықты кеңірек хабардар ету мақсатында республика аумағында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жанынан тұрақты немесе уақытша тіркелген, сондай-ақ республиканың басқа да органдары мен ұйымдарының желісі бойынша келіп жатқан шетел мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің (журналистерінің) қызметі жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының (соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен) тіркелген тілшілері мен басқа да өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіптік

қызметі, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және нормативтік актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен Халықаралық шарттармен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі.

3. Қазақстан Республикасында шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері мен басқа да өкілдерін тіркеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

II. Тілшілер пунктін ашу

4. Шетел мемлекетінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілер пунктін ашылуы және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің жанынан тілшіні тіркеу, сондай-ақ тілшінің Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болуы туралы шетелдік мемлекеттің мүдделі бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жазбаша түрде өтініш береді.

Өтініште мынадай құжаттар болуға тиіс:

бұқаралық ақпарат құралының ресми бланкісінде оның басшысының қолы қойылған хат немесе тиісті елдің Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің тіркеу мерзімі көрсетілген дипломатиялық нотасы;

бұқаралық ақпарат құралы туралы мәліметтер;
тілшінің журналистік қызметі туралы анықтама;

тіркеу туралы мәселені шешу үшін қажетті өзге де құжаттар.

5. Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекетінің бұқаралық ақпарат құралының тілші пунктін ашу (кеңейту) туралы шешімді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі барлық құжатты алған күннен бастап 1 айдың ішінде қабылдайды.

Тұрақты тіркелу келесі кезекте осындай мерзімге ұзартылуымен 1 жылға жүзеге асырылады.

Уақытша тіркелу - алты ай мерзімге дейін ұзартылады.

6. Журналистер, олардың тұрақты мекен-жайына және азаматтығына қарамастан, шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасындағы тілшілері ретінде тіркеле алады.

7. Шетел мемлекеті бұқаралық ақпарат құралының тіркелген тілшісі Қазақстан Республикасына келген бойда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде тұрақты немесе уақытша тіркелгені туралы белгіленген үлгідегі куәлікті алады, оның отбасы мүшелеріне тілші отбасының мүшесі деген карточка беріледі.

Тілші пунктін техникалық қызметкерлеріне белгіленген үлгіде карточка беріледі.

Куәліктер мен карточкалардың үлгілерін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекітеді.

Тіркелу туралы куәлікті, отбасы мүшесінің карточкасын немесе тілші пунктінің техникалық қызметкері деген карточкасын жоғалтқан жағдайда, құжатты жоғалтқан адам бұл туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлауға міндетті.

Құжаттың дубликаты екі апта ішінде беріледі.

8. Шетел мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының тілшісін уақытша тіркеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді. Мақсатты тапсырмамен Қазақстан Республикасына келген шетелдік мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері, сондай-ақ демалыста болған, науқастанған жағдайда және т.б. негізгі тілшіні ауыстыруға келген журналистер уақытша тіркеле алады.

9. Қазақстанда әр түрлі халықаралық және ішкі іс-шараларды (конгрестер, съездер, форумдар, семинарлар және т.б.) өткізген кезде шет елдік мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері тиісті елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі арқылы, ал аталған мекемелер жоқ болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы қысқа мерзімді сапарды ресімдейді және осы Ереженің солардың құқықтары мен міндеттемелері туралы бөлігіндегі мазмұнын оларға баяндайтын, аталған іс-шараларды өткізіп жатқан ұйымдардың жанында у а қ ы т ш а т і р к е л е д і .

III. Шетел тілшілерінің құқықтары мен міндеттері

10. Қазақстан Республикасында тіркеген шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттармен көзделген құқықтар мен еркіндіктерді пайдаланады.

11. Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері мен басқа да өкілдері Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және басқа да нормативтік актілерін сақтауға міндетті.

12. Шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделгендей заң жауапкершілігіне тартылады.

Шет мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының тілшісін заң жауапкершілігіне тарту тіркеуден айыруға әкеп соғады.

13. Шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері

Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Ережемен белгіленген, ақпарат тарату саласындағы ережелерді бұзған, конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың аумақтық тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық артықшылық, қатыгездік пен зорлық-зомбылық туралы үгіт-насихат жүргізген жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тиісті шешімімен тіркеуден айырылады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетел мемлекеті бұқаралық ақпарат құралының тілшісін тіркеуден айыру туралы шешімі оның тілші ретінде Қазақстан Республикасында одан әрі болуының мүмкін еместігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өз шешімі туралы Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына, тиісті елдің дипломатиялық өкілдігіне, шетел мемлекеті бұқаралық ақпарат құралының басшылығына және тіркеуден айырылған тілшіге хабар береді.

IV. Ақпарат көздеріне қол жеткізу

14. Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеті бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері мен басқа да өкілдерінің ақпарат көздеріне қол жеткізуі Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен және нормативтік актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

15. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тіркелген тілшілерге ресми баспасөз конференцияларына және басқа да ресми іс-шараларға рұқсат алуға көмектеседі.

V. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері мен басқа да өкілдерінің жүріп-тұруы

16. Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері мен басқа да өкілдері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруға құқылы.